

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

22-сабақ

Тақырып: Қалдықтарды есептеу

Сынып жұмысы

1. Ең үлкен екі таңбалы санды 4-ке бөлгенде неше қалдық береді?
2. Жұп санды 4-ке бөлгенде 3 қалдық беруі мүмкін бе?
3. 3-ке бөлгенде 2 қалдық беретін санды 6-ға бөлгенде қандай қалдық шығуы мүмкін?
4. Ақнұрда бірнеше жаңғақ бар. Егер Ақнұр жаңғақтарды төрт қапшыққа теңдей бөліп салса 1 жаңғақ артылып қалады. Егер бес қапшыққа теңдей бөліп салса 2 жаңғақ артылып қалады. Артық жаңғақтар қалып қалмау үшін үш қапшыққа теңдей етіп салды. Ақнұрда кемінде неше жаңғақ бар?
5. Дүкенде 6 түрлі қорапта тауарлар бар. Олардың массалары 15, 16, 18, 19, 20 және 31 килограммнан. Екі тұтынушы келіп 5 қорапты сатып алды. Сөйтсе біреуінің сатып алған тауарлары екіншісінен екі есе ауыр болып шықты. Дүкенде қай қорап қалды?

Қалдықпен бөлінетін санның формуласы

6. 5-ке бөлгенде 3 қалдық беретін неше екі таңбалы сан бар?
7. 12-ке бөлгенде 11 қалдық беретін неше үш таңбалы сан бар?
8. n санын 13-ке және 15-ке бөлгенде, бөліндінің мәндері бірдей болды. Бірақ қалдықтары сәйкесінше 8 және 0. n -нің мәні қандай?
9. 5-ке бөлгенде 4 және 3 қалдық беретін сандардың қосындысы қандай қалдық береді? Көбейтіндісі ше?

Қалдықтар кестесі

10. 4-тің қалдықтарына көбейту кестесін құр
11. Бүтін санның квадратын 4-ке бөлгенде қандай қалдықтар беруі мүмкін?
12. 8-дің қалдықтарына дәрежелерінің беретін қалдықтар кестесін құр
13. Тақ санның квадратын 8-ге бөлгенде қалдығы 1-ге тең. Осы тұжырым дұрыс па?
14. Кез-келген үш натурал санның квадраттарын қосып одан 7-ні азайтқанда шыққан сан ешқашан 8-ге бөлінбейді.
15. $x^2 + y^2 + z^2 = 2023$ теңдеуінің бүтін шешімдерін анықтаңыз.